

## Сирия Араб Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 желтоқсандағы № 777 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Сирия Араб Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Сирия Араб Республикасының межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б.Сағынтаев

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

7

желтоқсандағы

№ 777 қаулысына

қосымша

## Сирия Араб Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар тізбесі

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Жоғарғы сұрыпты бидай ұны	килограмм	120 000
2	2-ші сұрыпты бидай ұны	килограмм	120 000
3	Ет консервілері	физикалық банка	260 000
4	Күріш жармасы	килограмм	110 000
5	Макарон өнімдері	килограмм	50 000
6	Шай	килограмм	5 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК